

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет: "Жер учаскесін алу үшін кезекке қою"



Мен жер учаскесін алу үшін кезекке қалай тұрсам болады?



КЕҢСЕ
ҚЫЗМЕТКЕРІ

Сізге керек қызмет мемлекеттік қызмет болғандықтан, тиісті өтінішті тиісті ауылдық округ немесе Есік қаласының әкіміне (жер учаскесінің орналасқан жері бойынша) арқылы жүзеге асыра аласыз.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ АЛУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ:

- 1) осы Стандартқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесін алу үшін кезекке қоюға арналған өтініш;
- 2) жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін).

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ НӘТИЖЕСІ: Көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті арнайы есепке алғаны туралы хабарламасы не осы Стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ: көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған күннен бастап – 12 (он екі) жұмыс күні